



Жауап

Жаршысы



№64 (9951)

15 тамыз

сейсенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Ел жаңалықтары



Мұғалімдер жалақысы өседі

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАРЫНА ДЕЙІН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН МАМАНДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ЖЫЛ САЙЫН 25 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ. БИЫЛ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ТАҒЫ 30 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ.

Мұғалім мәртебесі еліміздің жарқын болашағы үшін маңызға ие. Осы орайда мұғалімдер жалақысының жыл сайынғы өсіміне ынта қойылып, мемлекет тарапынан қолдауға ие болғаны қуантады. Осылайша 97 мыңнан астам мұғалімнің жалақысы 2,5 есе өседі деп жоспарланып отыр.

Жуырда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Әдістемелік кабинеттер жанынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында мобильді топтар құрылды.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты мен мамандығы бойынша кадрларды даярлау 39 ЖОО мен 119 колледжде жүргізіледі. Колледждер мектепке дейінгі ұйымдармен бірлесіп, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, «Педагог» кәсіби стандарты негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді және оқу бағдарламалары мен жоспарларын дербес жанақтайды. Педагогикалық колледждерге қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралды.

Айта кетсек, биыл мектепке дейінгі білім берудің 20 мыңнан астам педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

«ЖЖ» ақпарат

Үкімет

Баға бақылауда болады

СОҢҒЫ УАҚЫТТА КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТА ҚАЖЕТТІ ӘРІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ ТҰРАҚТАЛМАЙ ТҰРҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ДЕСЕ ДЕ ЕЛІМІЗДЕ ҮКІМЕТПЕН ОСЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША БІРҚАТАР ОҢАЙЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНЫП, ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. БІР ҚУАНТАРЛЫҒЫ, ӨТКЕН АПТАДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ӨСПЕГЕН. ОСЫ ОРАЙДА ҮКІМЕТТЕ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ – САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ СЕРІК ЖҰМАНҒАРИННИҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН КЕҢЕСТЕ ОСЫ НӘТИЖЕЛЕР МЕН АЛДАҒЫ КҮНТІЗБЕЛІК ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚОРЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІ ҚАРАЛДЫ.

ҚР СИМ Сауда комитеті ӘКК жасасқан шарттарды талдау нәтижелерін ұсынды, оның барысында орташа сатып алу бағалары және осы жұмысқа тиісті жауапкершіліксіз қарағандар анықталды.

– 134 шартты талдап, ел бойынша орташа сатып алу бағаларын анықтадық, картоп – 113 теңге, сәбіз – 108 теңге, пияз – 107 теңге, қырыққабат – 97 теңге. Бұл бағалар соңғы емес, өйткені ӘКК шарттарға нарыққа байланысты бағаны өзгерту туралы тармақ қосқан», – деді Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков.

Сонымен қатар еліміздің бас сауда ведомствосы жүргізген талдау кәсіпкерлерге несиелі беру шарттарын жасау кезінде ӘКК көбінесе кіріспе деректердің сапасыз ресімделуіне жол беретінін анықтаған, бұл баға белгілеуді терең талдау мен бол-



жауды қиындатады. Атап айтқанда, көлем (тонна), өнім позициялары бойынша, сатып алу, бөлшек сауда бағалары, бағалар, сома, пайыздық мөлшерлеме, бағаны тұрақтандыру кезеңі, қарызды өтеу және өнімді жеткізу кестелері, бөлшек сауда үшін сауда орындарының тізімі және т.б. мәліметтер көрсетілмейді. Мысалы, «КОКСНЕ» ӘКК» АҚ 2023 жылы 22 ақпанда сатылатын өнім көлемін көрсетпей, картоп бойынша маусым аралық бағаны тұрақтандыру үшін 200 млн теңге несиелі шартын жасасқан.

– Сондай-ақ біз көптеген шартта құпия ұстау және ақпаратты жария етпеу бөлімі бар екенін анықтадық. Бұл тармақтар қолданыстағы заңнамаға қайшы және талдау жүргізу үшін шарттар алуды қиындатады», – деді Айдар Әбілдабеков.

Серік Жұманғарин ӘКК-дегі шарттардың құпиялылығы туралы кеңеске

қатысушыларға жүгінді.

– ӘКК шарттарында қандай құпиялылық болуы мүмкін? Бұл – бюджет қаражаты. Ауыл шаруашылығы министрлігіне бұл мәселені бақылауға алып, барлық шартты қайта жасауды тапсырамын. Қажет болған жағдайда тауардың нақты бағасы, атауы және саны көрсетілген бірыңғай шарт әзірлеу керек. Айдан соңына дейін барлық өңір 3 айлық көлемнің 30 пайыз көлемінде күрші бойынша келісім-шартқа отыруы тиіс. Тағы да айта кетейін, азық-түлік инфляциясы ішкі нарықтағы бағаға тікелей байланысты, ол тек қажетті қор көлемі қалыптасқан кезде ғана реттелетін болады», – деді вице-премьер.

Құзде жиналатын көмекеністі форвардтық қаржыландыру барысы туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков айтып берді.

Вице-министрдің айтуынша, қазіргі уақытта өңірлер «айналым схемасында» қант зауыттарымен шарттарды ұзарту бойынша жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда келісім-шарттардың көлемі – 44,9 мың тонна, ал қажеттілік – 25,3 мың тонна. Батыс Қазақстан 12 пайыз, Қарағанды 26 пайыз, Шығыс Қазақстан 56 пайыз және Алматы 86 пайыз облыстарын қоспағанда, еліміздің өңірлерінің барлығында дерлік ұсынылған қорлар қалыптасты.

Күрішке келетін болсақ, Қызылорда облысында өткізілген жәрмеңкенің қорытындысы бойынша бүгінгі таңда 12 өңір орташа алғанда 400 теңгеге 7,8 мың тоннаға келісім-шарт жасасты, ал ел бойынша қажеттілік – шамамен 21 мың тонна.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өңір өнімі

Тұтынушы талабына сай өнім

БҰҚАРБАЙ БАТЫР АУЫЛЫНДАҒЫ МАРАТ ҚОДРЕНОВ ЖУЫРДА ЖАҢА КӘСІПТІ ҚОЛҒА АЛДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҮЙДІҢ ІШІ-СЫРТЫН ҚАПТАЙТЫН ДЕКОРАТИВТІ ТАСТАРДЫ АРНАЙЫ ҚАЛЫПТАРМЕН ӨНДІРІП ЖАТҚАН АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА КӘСІБІНІҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТПЕК. СӨЗІНШЕ, МҰНДАЙ ӨНІМДЕРГЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА СҰРАНЫС МОЛ ЕКЕН.

Оның кәсіптің бұл түрін қолға алуына баласы ақыл қосыпты. Астанада осындай өнімдер өндіретін арнайы алып цехта 3-4 ай жұмыс жасап келген ұлы Нұрбек Марат өкесіне «отбасылық бизнес бастайық» деп қолқа салады. Баласының талабына қарсы болмаған ол расында маусымда мұндай өнімдерге сұраныс мол екенін көз жеткізгенін айтады.

– Өзім жұмыссызбын, балам осындай кәсіп бастауға болатынын айтады, бірақ оны бастап кетуге де қолда қаражат болмады, ағайын-туыстың көмегімен кәсібімізге 1 млн 500 мың теңге қаражат күйдік. Кейбіреулер үшін бұл қаржы көп емес шығар, бірақ ауылда жұмыссыз жатқан біздер үшін әжептәуір ақша. Тіпті қордағы азын-аулақ сиырымызды да сатылымға шығардық. Істің көзін балам білетінін айтады, соның талабына арқа сүйедім, болмаса заманауи үлгідегі мұндай өнімдер шығару менің қолымнан келмейді. Не керек, кейін уақыт өте оның қырсырын өзім де меңгеріп алдым. Сұраныс мол, бірақ оның барлығын қамтамасыз ету үшін тағы да қажетті материалдар қажет», – дейді Марат Қодренов.

Негізінен бұл бұйыммен тұрғындар көбінесе үйдің сыртын қаптайды, алайда кейбір бөлмелердің ішкі бетін қаптауға да болады екен. Кәсіпкер өзі өндiрген бiрiншi өнiмiн

үйіне пайдалануда. Ал қалғаны сұранысқа сай тұтынушыларға жолданады екен.

Иә, қарап отырсаңыз, оған қажетті шикізаттың барлығы өзімізде бар. Тіпті шегеқұмды алыстан дорбаларға, ауыл сыртынан алдырады екен. Ал цементті облыс және аудан орталықтарындағы құрылыс заттарын сататын базарлардан тәжірибе жинай алады.

– Біріншіден сөзімді алып, нар тәуекел деген әкеме мың алғыс, көріп отырсыздар, сұранысқа сай өнім шығып жатыр, ал оны өндіруге қолданатын шикізат қоры өзіміздің Қызылордада жеткілікті. Кеше ғана облыс орталығынан цемент алдырдық, тоннасын 35 мың теңгеден алып жатырмыз, ал шегеқұм өз ауылымызда да бар, басқа да қажетті шикізат Алматы қаласынан келеді, сұраныстың барлығын қамтамасыз етуге біздің құрал-саймандарымыз жеткілікті, сондықтан көрпемізге қарап кесілуге тура келеді», – дейді Нұрбек Марат.

Иә, мұнда үйдің сыртын қаптауға қамтамалардың түр-түрі бар, қабырғаға тұтас жабынды қажет пе, арнайы бұрыштарға керек дейсіз бе, кәсіпкер оның барлығының қалыбын алдырып қойған. Қазіргі таңда бұл отбасы 8 түрлі қалыппен өнім шығаруда. Негізінен кез келген нысанның

сыртын қаптауға бұл жабындылардың нарықтағы құны жоғары, Бұқарбай батырда өндірілген өнімнің бағасы одан 600-700 теңгеге төмен демесеңіз, сапасы одан жоғары болмаса кем емес. Себебі кәсіпорында бұрын мұндай өнімдер әзірлейтін үлкен цехта тәжірибе шындалған жұмысшы бар.

Бір қалыптан шыққан үйдің сыртын қаптауға арналған декоративті тастардың салмағы 9-9,5 келіні құрайды. Негізінен нарықта бұл қаптаманың құны бір шаршы метрі 2700-2800 теңгеден сатылса, Мәкең тұтынушыларына 2300 теңгеден беріп жатыр. Бір қызығы, бұл қаптамалар су тиген сайын күш алатын көрінеді, яғни төзімділігі артады.

Кәсіпкер мұндай қаптамаларды тұтынушы талабына сай түрлі бояуларға да енгізіп береді. Оның бояуы да көнігі емес, тек осы декор тастарды бояуға арналған. Сапасына мін жоқ.

Марат Қодренов алдағы уақытта үй ауласынан арнайы цех ашуды жоспарлап отыр. Алайда оған қаражат жағы қолбайлау болып отыр екен. Нысан салуға қаржысы жеткенмен басқа да қажетті аппараттар алуға келгенде тиын санап қалатыны тағы бар, сондықтан алдағы уақытта кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар көмегіне жүгінуді көздейді.



– Үй ауласынан цех ашсам, бірнеше адамды жұмыспен қамтуға да мүмкіндік туар еді, бір жағынан бұл өнімді жылдың он екі айында өндіруге мүмкіндік бар. Мәселен, пескabloкты тек күн жылы кезде өндiрсенiз, декор тастар суыққа да төзімді. Міне, менің цех ашуға басымдық беріп отырғаным да сондықтан. Болмаса аулама сыймай жатқаным жоқ. Дәл осы кезде

бір үйдің сыртын қаптауға декор тастарды 3-4 күнде өндіріп жаттырмын. Егер цех ашсам, бұл кәсіп маусымдық болмайды, бір жағынан бірнеше адамды жұмыспен қамтымын. Сондықтан алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламалар көмегіне жүгінуді жоспарлап отырмын. Егер жауапты бөлімдер бұл кәсіпті қолдап жатса, жобамның өміршеңдігіне сенемін –

дейді Марат ағамыз.

Иә, ебін тапқан кез келген істі ширатады, тіпті жоқтан бар жасайды, бұған Марат ағамыздың кәсібімен танысқанда көз жеткіздік. 1,5 млн теңгеммен басталған кәсіптің берекесін берсін дейміз. Расында кәсіпкер айтқандай, бұл қолдауға тұрарлық жоба екеніне күмән жоқ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сайлау – 2023

Халық өз таңдауын жасады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу қажеттілігі жөнінде айтылған болатын. Бүгінде сол бастамаға сәйкес елімізде ауыл әкімдерін сайлау науқаны жүргізіліп келеді. Осы орайда жексенбі күні ауданға қарасты Мәдениет ауылдық округінің әкімін сайлау науқаны өтті.



Таң атысымен елді мекендегі мәдениет үйінің алдында жиналған ауыл тұрғындары сайлау учаскесінің ашылуын күтіп тұр екен, ауылда маңызды саяси нақараның лебі байқалды. Таңғы сағат 7.00-де №144 сайлау учаскесінде учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен сайлау туралы заңның талаптарына сай, барлық процедураларды орындай отырып сайлау учаскесі ресми түрде ашылды.

Ерте күн шығысымен өз таңдауымды жасаймын деген сайлаушылардың белсенділігінен тұрғындардың ауыл болашағына үлкен жауапкершілікпен қарайтынына көз жеткізуге болады.

Жалпы, Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына 5 үміткер өз кандидатурасын ұсынған. Олардың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасымен ауыл тұрғындары бұқаралық ақпарат құралдары, яғни газет беттері арқылы толықтай танысыпты.

Сайлау учаскесі ашыла салысымен қораядай шаруаларын кейінге ысырып, саяси науқанға қатысуға алғашқы болып келген ауыл тұрғыны Болатбек ағамыз да өз таңдауын жасады.

Бүгін ауылымыз үшін саяси маңызды күн десем болады. Барлық үміткерлердің сайлауалды бағдарла-

масымен таныстым, барлығы да «Сен тұр, мен атайын» деген азаматтар екен. Иә, әкім болмай-ақ та елге адал қызмет етуге болады. Десе де елім деген азаматтарға сәттілік тілеймін. Ауылымыздың тыныс-тіршілігі шүкір, жақсы, ауыл азаматтарының жасап жатқан шаруаларының жайы көңіл көншітеді. Алдағы уақытта да осы алған бағытымыздан таймай, ауылымыз көркейе береді деп сенемін. Науқан әділ барлық ережелерге сай өтіп жатыр. Халқымызға бірлік, елімізге бейбітшілік тілеймін, – деді алғашқы сайлаушы Б.Нұржанов.

Сайлау учаскесінің мәліметінше, саяси науқанға қатысушылар саны – 1102. Шыны керек, ауыл тұрғындары үшін әрбір азаматтың дауысы маңызды екені және елді мекеннің болашағы әр азаматты алаңдатыры анық байқалды. Өйткені сағат 9.00-ге дейін 200-дей азамат дауыс беріп үлгерген.

Осындай белсенді азаматтар қатарында ауыл тұрғыны Ақмоншақ та бар.

– Мен де таңғы шөйімді ішіп, дауыс беруге келіп қалдым. Шүкір, ауылымызда біраз шаруалар жүзеге асып жатыр, жастардың еңбек етуге деген құлшынысы да жаман емес. Ең бастысы, ауылдағы ағайынның ауызбіршілігі бекем, сондықтан бірлік болса, тірлік те еңбек. Ауылымыздағы жасалып жатқан әрбір

істің берекелі болатынына сенемін. Кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларымен ақпарат құралдары арқылы етене таныстым. Онда үміткерлер сайлауалды бағдарламасына ауылдағы өзекті мәселелерді шешуді арқау еткен екен. Енді соның барлығы алдағы 4 жылда шешімін табуына жұмыс жасаса болғаны. Саяси науқан әділ, ешқандай тежеусіз, жақсы көңіл-күйде өтіп жатыр. Науқанды ауыл халқы болып абыроймен өткізуге тілектеспін, – деді ауыл тұрғыны Ақмоншақ Төлеген.

Елді мекенде кешке дейін сайлаушылардың легі бөсеңдемеді. «Ауыл әкімі кім болады екен?» деген сұрақ әрбір тұрғынның көкейінде тұрды. Әрине олай болары заңдылық. Өйткені бәсекелестік жоғары деңгейде, үміткерлердің барлығы да елге қызмет етуге бел буған іскер азаматтар. Өйткені ауылды алға жетелеп, халықтың басын қосып, ауызбіршілікпен еңбек етуге жол бастайтын ауылдың басшысы, яғни әкім екені рас. Сол себепті ауыл халқының науқандағы басты мақсаты – адал да іскер азаматты екім ету.

Саяси науқанның қорытындысына тоқталсақ...

Аудандық сайлау комиссиясының мәліметінше, Мәдениет ауылының сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміндегі 1102 азаматтың 791-і саяси науқанда белсенділік танытып, өз

таңдауын жасаған. Үміткер Әмірсерік Абықтықұловқа 197, Төлеген Қорғанбекке 511, Қазыбек Молдабаевқа 55, Айдар Сакиевқа 3 ауыл азаматы дауыс берген. Дауыс беру нәтижесімен Мәдениет ауылдық округінің әкімі болып, айқын басымдықпен Төлеген Қорғанбек сайланды.

Төлеген Қорғанбек 1989 жылы осы елді мекенде дүниеге келген. Жас та болса, өңіріміздің саяси-қоғамдық өміріне белсене араласып, елге қызмет етуді мақсат еткен ол бірнеше жыл ауданның спорт саласында еңбек еткен. 2021 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жеке кәсіпкерлікпен айналысып, ауыл әлеуетінің артуына үлес қосқан.

Мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білікті жастардың қолында екені белгілі. Сондықтан елді мекен халқы жаңа бастауында ауылды көркейтетін батыл шешімдер күтері анық.

Иә, осындай саяси реформалардың нәтижесінде әкімдердің жергілікті басқару өкілеттігі нығайтуде. Яғни елді мекен тұрғындарының ауыл әкіміне деген сенімі артып, ауыл ауызбіршілігі одан да бетер нығая түсті. Ертемен тұрып елдің қамын күйттеген көптің ортақ тілегі бір, ол – елді мекеннің одан әрі гүлдене түсуі.

Жандос ЖАЗКЕН

Сенбілік



Тазалық бәрінен маңызды

Алдағы мақсат – өркениетті елдердің қатарына қосылу. Ал тау тастан құралатыны секілді өркениетті елге айналу үшін экономиканың дамуына бас қатырғаннан бұрын, қоршаған ортаның тазалығына мән берген жөн. Тазалықтың артында мәдениет жатқанын ескерсек, келген мейман біз өмір сүретін өңірдің көркіне қарап, сынап не сүйсініп кетерін де санаға түйген абзал. Қысқасы, көшелері күл-қоқыстан көз аспаған елдің өркениетке қадам баспайтыны анық. Бұл тұста нардың жүгі тек мамандарға ғана емес, барлығымызға түседі.

«Тазалық иманнан» деп білетін қазақ ежелден Жер ананы қадірлеп, қастерлей білген. Қоқысты адам аяғы баспайтын алысқа тастап, «бір тал кессен, он тал ек» деп ұрандатқан да біздің ата-бабаларымыз. Тазалыққа тек мемлекет тарапынан ғана көңіл бөлінеді дей алмаймыз, жергілікті тұрғындар да тазалыққа тастай талап керек екенін түсініп, қоршаған ортаның көгалдануына, көркеюіне атсалысып, дағдыланып келеді.

Өткен сенбіде аудан орталығында және ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы өтті. Сенбілікке мекеме қызметкерлері мен аудан тұрғындары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді. Өңірдің өркендеуі, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосты.

Көктемде қарқын алған сенбілік жұмыстары шіліңгір шілденің ыстығына байланысты бір ай толастаған болатын. Енді өткен сенбіден бастап ауданда тазалық айлығы басталды. Тазалыққа тастай талап керек екені айтпаса белгілі. Сондықтан бұл тұрғыдағы жұмыстарды кезек күттірмей істеу кенттегі әрбір тұрғынның міндеті деп есептейміз. Өйткені өңірдің өркендеуіне, мұнтаздай таза болуына атсалысу – әрбірімізге азаматтық парыз. Кенттің көркейіп-көгалдануы тек қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің әрбір күл-қоқысын тазарту екі қолдың көмегімен жасалатын іс. Біле білсек, сол күл-қоқысты тастайтын өзіміз, әр ауланың айналасына тыныстық қалдықтарды жинап қоятын да өзіміз, қалаберді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да төге салатын сол тұрғындардың өзі. Адам баласы ақыл айтуға шебер ғой, бірақ сол өзгеге айтқанын өзі де істесе құба-құл. Елмен бірге тазалық айлығында сол өзіміз тастаған күл-қоқыстан көшелерді тазартуға, арықтарды қалдықтардан арылтуға атсалыссақ, біріліміздің артқаны, берекеміздің тасығаны.

Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлестерін қосуда аянып қалмауы керек. Әрбір адам өзі тұратын үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, күл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы да анық. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Жеке тұрғынның меншігіне қарасты аула еркез таза болса, сенбілік жұмыстарына білек сыбана кіріскен мекеме қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдер еді. Олар да әр сенбі сайын сенбілікке шығып, демалысын өзгеге тиесілі ауланы тазалаумен өткізгеннің орнына өз ауласын тазалауға уақыты болар еді. Үйден шыққан қалдық, кір, көріз сулары көше бойында орналасқан ағаштардың түбіне төгіле берсе, жайқалған ағаштан таза өтпей емес, лас ауа бөлінуі мүмкін. Тіпті қанша жылдардан бері келе жатқан жасыл желек еңсесін тіктеудің орнына, қурауы ғажап емес.

Ойлап қарасақ, әкім бір өңірді басқарып отыр, сондықтан сол елдің қауіпсіздігіне, әлеуметтік жағдайына жауапты дегенмен, тұрғындар да осы жауаптылықтан жалтармау қажет қой. Тазалық айлығында кентті тазаласақ, кім үшін? Халық үшін емес пе?

Ендеше жұрт үшін көтерілген бастамаларды жүзеге асыруда жалағаштықтар бүгіндей жұмыла іс қылудан танбаса, ауданның көркейіп-көгалдануына әрбіріміздің қосқан үлесіміз болар еді. Сонда күн санап көркейіп келе жатқан кентіміз де аз ғана уақыттың ішінде шырайланып шығар еді.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ




Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Ауыл тынысы

Жол сапасы жақсарады

АУЫЛДАРДЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЕЛ ҚУАНЫШЫН ЕСЕЛЕМЕК. СОНЫҢ БІРІ АУДАНМЕН ІРГЕЛЕС ЖАТҚАН БҰҚАРБАЙ БАТЫР АУЫЛЫНДА БИЫЛ АЙТАРЛЫҚТАЙ АУҚЫМДЫ ІСТЕР АТҚАРЫЛАДЫ. ЕҢБЕКПЕН ЕҢСЕ ТІКТЕГЕН ЕЛДІ МЕКЕННІҢ БҮГІНГІ ТІРЛІГІ ТЫНДЫРЫМДЫ, ШАРУАСЫ ШИРАҚ ЕКЕНІН АУДАН ЖҰРТЫ ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. ХАЛҚЫ ДА БІРЛІКТІ ТУ ЕТСЕ, АУЫЛ ӘКІМІ ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ГҮЛДЕНУІНЕ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРУДА.

Жалпы, ауданда әлеуметтік-экономикалық даму, аудан халқының әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру секілді мәселелер күн тәртібінен түспей келеді. Бірнеше жылға жоспарланған ауданға қарасты елді мекендерді дамыту жобасы аясындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Әсіресе ауылдық жерлердегі жол жайы, жарық пен аяқ су мәселесінің оң шешімін тауып жатқаны көңіл қуантады. Ал бір ғана Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша өткен жылы «Байтабын» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен балалар ойын алаңы салынды. Жоба құны 10 млн теңгесі құрады. Ал биыл демеушілер арқылы «Мелиоратор»



ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 10 млн теңгеге Бұқарбай батыр атындағы мейітке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытта аталған мейіттің үлкен және кіші құмбездері мен сыртқы есігі жаңадан ауыстырылған. Қазан айына дейін ішкі және сыртқы қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар осы серіктестіктің демеушілігімен 25 млн теңгеге «Демалыс паркі» құрылысы жүргізілуде.

Құрылыс жұмыстары қазан айында толық аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілгені деп күтілуде.

«Жанару» ФҚ-ның жеке қаражаты есебінен 2 млн теңгеге маусым айында Ким Яков көшесіне тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті жұмыстар толық аяқталған. Ал «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында А.Құнанбаев, Бұқарбай батыр, А.Төлеубаев көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны – 181 млн 592 мың 600 теңге. Мөрдiгер мекеме – «Келiк құрылыс компаниясы» ЖШС. Бұдан бөлек ауыл-шілік 11 көшеге, яғни Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, Т.Әлпейсов, Қойшығұл, Ж.Сақтағанова, С.Айтуаров, Ә.Досымбетов, Ә.Бердаулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов көшелеріне асфальт төсеу жұмыстарына бюджеттік өтінім ұсынылған. Аталған жұмыстардың жобаметалық құжаттары жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткен.

Тағы бір сүйіншілiтiн жұмыс – А.Құнанбаев, Бұқарбай батыр, А.Ізтелеуова, Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, Т.Әлпейсов, Қойшығұл, Ж.Сақтағанова, Н.Алмағанбетов, Ж.Ермағанбетов, Ж.Жабаев, Ә.Досымбетов, Ә.Бердаулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов сынды 16 көшеге жарық шамдар орнатуға 172 млн 856 мың 206 теңге бюджеттік өтінім ұсынылған. Бұқарбай батыр ауылындағы негізгі жобалардың бірі 3 көшеге, яғни А.Құнанбаев, А.Төлеубаев, Бұқарбай батыр көшелеріне биыл жалпы құны 184,1 млн



Тарих

Брежнев кепілдік берген қайраткер

Тәуелсіз еліміздің өткен тарихи кезеңдердегі жүріп өткен ауыр да қиын жылдарында халқымыздың басынан кешкен қоғам тудырған қайғы-қасіретті төзімділікпен жеңе отырып, заманына қарай адамы, тарихы жасаушы халық десек те олардың ұйытқысы, көшбасшысы қандай қиындық болсын оны жеңе білген жеке тұлғалар болғанын жақсы білеміз.



Ал солардың есімін еліне, өзі өмір сүрген қоғамындағы жанкешті еңбектерін бүгінгі жастарға хабардар ету аға ұрпақтың міндеті деп білемін. Мен осы мақсатта ұлтымыздан шыққан тұңғыш генерал Ұлы Отан соғысы, қауіпсіздік органдары мен ішкі істер саласының генерал-майоры Нұрулла Әлмағанбетов жайлы «Елімдеп соққан жүрегі» деген естелік кітап жазған болатымын. Осы еңбегімді жазу барысында көптеген дерек көздерін ақтарып, еңбек етуге тура келді. Осындай жұмыс барысында Нұрекеңмен ұзақ жылдар бірге қызметтес болған, Н.Әлмағанбетовтен 11 жас үлкен, өмір жолын ұстаздықтан бастаған партия қызметінің төменгі баспалдағынан 1950 жылы Қазақстан Орталық Партия комитетінің әкімшілік органдары бөлімі меңгерушісі болып, 1954 жылы Қазақ КСР-нің ұлтымыздан шыққан алғашқы Ішкі істер министрі болған, Кеңес заманында генерал лейтенант атағын алған Шырақбек Қабылбаев жайлы көптеген мәліметке қанық болған едім.

Тоталитарлық жүйенің сол кездегі іс басындағы жауапты қызметкерлерге жасаған зардаптары көп болды. Кеңес өкіметі, Компартияның саясаты барлық мәселені түбегейлі шешті деп жүргенде, қазір сол оқиғалардың болуы, шығуын зерттеп, талдап қарағанда ол оқиғалар бір жақты шешілгені көрсетеді. Осының салдарынан қаншама азаматтар зардап шекті. Олар бір кемшілік болса, ол кіршіксіз тазалығым еді деп бойындағы қуат-жігермен қиындыққа қарсы тұрды, күресе білді. Осындай жайттарды Шырақбек Қабылбаев Қазақ КСР-і Ішкі істер министрі кезінде басынан өткізді. Бұл оқиғалар жұмсақ жүректі Шөкеңе қатты батқан болатын. Бұл 1959 жылы Теміртау, кейіннен 1962 жылғы Шымкенттегі оқиғалар еді.

Кезінде оқиғалардың шығу себептері ашылмай қалды. Бір жақты баға берілді. Бұл XX ғасырдың 50-60 жылдардағы алып Кеңес империясының бір жақты зорлыққа негізделген әрекеті еді. Оқиғалардың мән-жайы ашылмай қойды. Бұл жағдайлар Кеңестік одақтың ұзаққа бармайтынын көрсеткен алғашқы қақтығыстар еді. Мұндай оқиғалар мен қақтығыстар Кеңес одағының бірқатар өңірлеріне етек алып жатса, бұл оқиғалардың бәрі еліміздің тарихы Кеңестер одағының іргесінің шайқалуының алғашқы нышандары болды. Қоғам алға жылжыған сайын адамдардың санасы өзгеріп, сананы тұрмыс билеген заманда әділетті қоғамды орнатуға жасалынған бой көтеру болды. Бұл қақтығыстар 70-80 жылдары Орталықтың әкімшілік-өміршілдік жүйесіне қарсы батыл да өзіндік ұстанымы бар, халықтың бас көтеруге ұласып жатты. Атап айтқанда, Новочеркалск, Сумгайт, Вильюстегі және басқа да аймақтардағы оқиғалар, 1986 жылғы Алматыдағы «Желтоқсан оқиғасы» алып Кеңестер одағы ерте ме-көш пе шаңырағы шайқалып, ыдырап кететінін білдірген еді. Әңгіменің төркіні сол оқиғалардан алғашқылардың бірі болып, зардап шеккен Шырақбек Қабылбаев болатын.

Оқиғалар қалай болған еді? Теміртау оқиғасы 1959 жылы тамыз айының 2,3-і күндері болды. Теміртаудағы алып Магнитка Бүкіл Одақтық екіпінді құрылыс болып жарияланған, оған комсомолдық жолдамамен еліміздің түпкір-түпкірінен мыңдаған жастар келді. Олардың ішінде негізгі тұрағы жоқтар да, барар жері басар тауы жоқ түрмеден босағандар да болған. Еліміздің ірі қалаларынан жұмыс іздеп келгендер жатақханаларға ұлттық ерекшеліктеріне қарай топтасып орналастырылған. Тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлары ауыр болып, олардың рухани жандуына көңіл бөлінбеген Бұның бәрі Республика басшылығына белгілі болса да оқиғаның алдын алу мақсатында жұмыстар нашар жүргізілген. Бұл жөнінде Ш.Қабылбаев Республика үкіметіне Қарағанды облыстық партия комитетіне ұсыныс жасаған. Өкінішке орай бұл мәселелері қаперге алынбаған. 1959 жылы маусым айында СОКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы А.Хрущевтің атына Теміртауда еңбек етіп жүрген болғар жұмысшыларынан арыз түседі. Болғар жұмысшысы А.Ножков бір топ жұмысшылардың атынан жолдаған арызында өздерінің тұрмыстық жағдайын жасырмай жазып, әлеуметтік ахуалдың өршіп тұрғанын мәлімдейді. Алайда тиісті орган да бұдан қорытынды жасаймайды. Өздерінің тұрмыс жағдайын жаңылтып шеше алмасына көздері жеткен жұмысшылар ашы-ызамен 1959 жылы тамызда көтеріліске шығады.

Жаппай төртпінсіздіктің салдарынан мемлекет мүліктері талан-таражға түседі. Қалалық тәртіп сақтау органдарының күші жетпегені көтерілісшілерді таратуға Қарлағтың әскери құрамынан 500 сарбаз, КСРО Ішкі істер министрлігіне қарасты Ішкі істерден 1400 сарбаз қосымша шақырылады. Жұмысшыларды басу мүмкін болмаған соң суық қару қолданылады. Қақтығыс салдарынан 15 адам өліп, 28 адам жараланады. Қоғамдық тәртіпті бұзған және мемлекет мүлкін талан-таражға салғаны үшін 140 адам қамауға алынады. Әскерлерден 28 сарбаз жараланып, 74 сарбаз, бір офицер өртүрлі жарақат алған. Биліктерілер оқиғаның шығу салдарын толық зерттемей, бар кінәні Ішкі істер органдарына, оның министрі Шырақбек Қабылбаевты кінәлайды. Алдымен Қарағанды облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы Генерал-майор Н.Любых қызметінен босатылады. Партиялық басшылықты өлсіретіп алған Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Беляев өз басын арашалау үшін Ш.Қабылбаевты ісін тергеу органдарының қарауына беруге бар күшін салады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1959 жылы 19 қазандағы Республика Ішкі

істер министрлігінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы қаулысымен Шырақбек Қабылбаев министр қызметінен босатылады, партия қатарынан шығарылып, ісі сотқа тапсырылады. Бұл мәселе Теміртау оқиғасы СОКП Орталық Комитетінде төрт рет қаралған. Өрине партиялық достарының арасында қолданылып отырған жазаның әділетсіз, оған өзінің келіспейтінін айтқан жалғыз адам. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес президентінің төрағасы Жұмабек Тәшенов болған. Азшылық, көпшілікке бағынатын партиялық принцип бойынша шешім өзгеріссіз қалған. Жұмабек Тәшенов өзінің ескі досы, сол тұстағы КСРО-ның Бас прокуроры Р.Руденкоға шығып, Ш.Қабылбаевтың Одақ келеміндегі белгілі басшы екенін айтып, мұндай орынсыз қудалауға жол бермейтінін ескертеді. Өмірдің ыстық-суығынан партия мемлекеттік басқару қызметінің баспалдағынан өткен қолы да, жаны да таза Ш.Қабылбаев ұсынған қызметтің үлкен-кішісіне қарамай атқарып, әділдіктің болатынына сеніп, еңбектен береді. Белгіленген уақыт жеткенде жабық әскери сот төрағасы, профессор Мамытов Ш.Қабылбаевтың ісінде қылмыстық құрамның жоқтығын анықтап оны ақтап жібереді. Одан кейін Ш.Қабылбаев Алматы облысының Ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары, кейіннен бастығы болып қызметін жалғастырады.

Алматы облысында Ш.Қабылбаев тағы да екінші рет сынаққа түседі. 1961 жылы Қаратал ауданына қарасты Көлпе станциясындағы кәсіптік-техникалық училище оқушыларының екі топқа қазақ және шешен балалары болып бөлініп төбелесуі ұлт араздығын туғыза жазады. Ш.Қабылбаевтың тікелей араласуымен жастарды райынан қайтарып, өзінің азаматтық позициясымен шешкен еді. Ш.Қабылбаев Қазақстан компартиясы Орталық Комитеті бюросының қаулысымен Қазақ КСР қоғамдық тәртіпті сақтау министрі болып тағайындалады. Бірде азаматтың өз орнына қайта оралуын халық әділет салтанат құрды деп бағалады. Тарихта СОКП Орталық Комитетінің саяси бюросында Ішкі істер министрінің мәселесі екі рет қаралған оқиға бұрын-соңды болмапты. СОКП ОК-нің бірінші хатшысы Хрущевтің ұсынысымен Ш.Қабылбаев орнынан босатылса, екінші мәжілісте СОКП ОК-нің бірінші хатшысы Л.Брежнев оны қайтадан бұрынғы қызметіне жаңа құрылымда басшылық тағайындауға рұқсат жасаған. Ішкі істер органдарының тынымсыз жұмысы Ш.Қабылбаев үшін қайта басталды. Құрылымдық жүйе мен облыстың басқармалардың жұмысын жолға қоюдың болашақта іс-жоспары жасалып, жүзеге асырылып жатты. Жаңа техникалар мен қажетті құрал-жабдықтар алып материалдық техниканың бағасы нығайып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүре бастады.

Арада біршама уақыт өткенде 1967 жылы 13 маусым күні Шымкент қаласында көп адам қатысқан тағы бір төртпінсіздік орын алды. Оның мәнісі Шымкент қаласында автобус паркінің жүргізушісі Н.Остроуховты Ішкі істер органдарының қызметкерлері мас күйінде айықтырып алып келген. Ертенің ол осында жатып қайтыс болады. Сот медициналық сараптауды алдын ала жасап, қорытындысында Остроуховтың өлімі мына қан құйылғандықтан болған деп табылды. Тексеріс толық бітпей жатып-ақ автопарктің директоры Остроуховтың өліміне милиция қызметкерлері кінәлі деп лақап таратып жібереді. Сол күні 800-дей адамның қатысуымен автопарк ұжымы қаланың Ішкі істер бөліміне шабуыл жасап кезекші бөлімін қиратады, басқарма кеңсесін өртеп жібереді. Олар 3500-дей айыпты отырған түрменің қоршауларын, қосалқы шаруашылық бөлмесін, екі өрт сөндіретін машинаны өртеп жібереді. Өрт сөндірушілерді машиналарын тартып алып өз мақсаттарына пайдаланады. Бас-көзсіз, орынсыздықтың салдарынан бірнеше адам ауыр жараланады. Ескерту үшін оқ атылады. Алайда жүргізушілер оған бағына қоймайды. Аамалсыз Түркістан әскери округінен көмекке жалпы саны 1150 әскери қызметшілер келіп толқуды басады. Остроуховтың өліміне өзінің танысы спортшы жігіттің себеп болғаны белгілі болады. Өзінің қарсыласынан қатты соққы алған жүргізуші далада ест-түссіз құлап қалған екен. Ал Ішкі істер қызметкерлері оны тексерместен оны мас екен деп айықтырып алып келген Бірауыз автопарк директорының сөзінен іс асқынып кеткен.

Бұл оқиғаға байланысты Шымкент қаласына СОКП Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі, Орталық Комитетінің хатшысы А.П.Кириленко, КСРО Ішкі істер министрі Н.А.Щелокhov келді. Құлық қорғау органдары бас-

шылары қатысқан актив жиналысында Ш.Қабылбаев Ішкі істер қызметкерлерінің іс-қимылына жақсы баға беріп, қалыптасқан жағдайдан шығудағы қарастырылған бірнеше ұсыныстар жасайды. Оның ұсынысын орталық министр қолдайды. XX ғасырдың 50-60 жылдары Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру халық шаруашылығының барлық салалары өсу, өркендеу үстінде еді. Партия кеңес органдарының қабылдаған қаулылары мен саяси шаруашылық шарттары пәрменді түрде жүзеге асырып жатқан болатын. Сол кездегі елдегі саяси-әлеуметтік шараларды жүзеге асыруда өзінің өмірлік мол тәжірибесі бар, азаматтарды үкімет ІІМ орталық аппаратын нығайту мақсатында басшылық қызметке жолдап отырды. Сол жылдары елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты, елде түрмедегі жазаланған 1181260 адамға амнистия беріліп бостандыққа шыққан болатын, олардың көбісі тың игеруге Қазақстанға ағылып жатты. Олардың ішінде рецидивистер, қоғамға ауыр қылмыс жасаушылар тағы басқа қылмыскерлер көп болды. Олармен бейбіт өмірге жұмыс жүргізу, азаматтардың тыныштығын сақтау күн тәртібінде тұрды. Осы кездегі Ш.Қабылбаев өмірдің ыстық-суығынан өткен майдангер ҰҚК-де басшы және партия жұмысында болған ұлтымыздан шыққан алғашқы генералдың бірі шендегі өзінің бірінші орынбасары Нұрулла Әлмағанбетовпен тізе қосып, қауіпті де жауапты қызметке басшылық жасай білді.

Атап айтатын болсақ түрлі түзету колониялар мен мекемелердегі бас бостандықтарынан айырылған азаматтарды халық шаруашылығының түрлі салалары бойынша өндіріске тарту, пайдалы еңбекке пайдалану, сол арқылы халық тұтынатын өнімдерді шығару, мамандықтарға оқыту, қалалар мен қыстақтарда тұрғын үйлер салу, өндіріс орындарының құрылысына қатысу, егін егу, мал ұстау жұмыстары негізінде еңбектен тәрбиелену шаралары жүргізіліп, еңбек тәрбиесін алған түзелгендер, айыпталып отбасына оралып жатты.

Әңгіме Ш.Қабылбаевтің өмір жолы, қызметі туралы болғаннан кейін, ол кісінің мына бір ерлікке толы қайсарлығын айтпай кетуге болмас. 1937-1938 жылдардағы қырың араға бірнеше жыл салып 1950 жылдары қайтадан қылаң бере бастады. Ол кезде Шырақбек Қабылбаев Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің әкімшілік органы бөлімінің меңгерушісі еді. Бұл қызмет оған Республикадағы барлық күш қолдану органдарына басшылық жасауға міндеттейтін. Бірде Республиканың мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ш.Қабылбаевтан атақты жазушы Мұхтар Әуезовты қамауға алу үшін рұқсат сұрайды. Өрбір қадамның аңдып, жүрісінен кінәрат іздейтін тыңшылардың ниетін Шөкең сол тұстағы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке баяндап, бұл жөнсіздікті тоқтатып, жазушыға араша болуына қолқа салады. Ж.Шаяхметов бұл мәселе бойынша ВКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Г.Н.Маленковпен сөйлесіп, соның арқасында Мұхтар Әуезов қауіпсіздік комитетінің шенгелінен аман қалады. Ш.Қабылбаев өмірінің 16 жылында Орталық Комитетте әртүрлі қызметтер атқарған. 25 жыл Ішкі істер министрлігінде, оның 12 жылында министр қызметінде болған. ОК мүшесі, 4 рет шақырылған Жоғарғы Кеңеске депутат болған, 20-дан астам үкімет наградаларымен марапатталған. Ол Қарағанды қаласында жоғары, Алматыда орта арнаулы милиция мектебін ашу үшін одақтың министрліктен үкімет органдарымен шешімін шығаруға бар күшін салған. Мәскеуге қайта-қайта барып жүріп, 1969 жылы 10 қазанда Қарағанды жоғары милиция мектебін ашу туралы КСРО министрлер кеңесінің қаулысын шығаруға қол жеткізген. Оның басшылығымен Қазақстанның бірнеше қалаларында кіші және орта басшылық құрамындағы қызметкерлерді даярлайтын облысаралық милиция мектептері ашылған.

Заманына қарай адамы дегенде, саналы ғұмырын елінің есіп-өркендеуіне, тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтауда, сол бір аумалы-төкпелі заманда таза қолымен, ыстық жүрегімен, азаматтық ар-ожданымен еңбек еткен қайраткердің жарқын істері бүгінгі өгеменді еліміздің азаматтары мен жастарына үлгі болып қала береді. Олардың өмір жолдары, бастарынан өткізген оқиғалары ел тарихының бір парасы деуге болады.

Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Білгенге маржан

Балдыркөктің қандай пайдасы бар?

БАЛДЫРКӨК – ҚОЛШАТЫР ТҰҚЫМДАСЫНАН ШЫҚҚАН ШӨПТЕСІН ӨСІМДІК, СӘБІЗ БЕН АҚЖЕЛКЕННІҢ ЖАҚЫН ТУЫСЫ. БАЛДЫРКӨКТІҢ БУЫН АУРУЛАРЫНА ПАЙДАСЫ МОЛ. ЯҒНИ ДЕНЕНІ ТҰЗДЫ ШӨГІНДІЛЕРДЕН ТАЗАРТУҒА ЖӘНЕ ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ӘСЕР ЕТЕДІ. БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, БІРЛЕСКЕН ПАТОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ, АРТРОЗ БЕН РЕВМАТИЗМ КЕЗІНДЕГІ ӨРШУ МЕН АУЫРСЫНУДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ.



Балдыркөк шырыны қан тамырларын тазартады, олардың қабырғаларын босан-сытады, бұл жүрек қан тамырлары ауруларының пайда болуы мен өршу қаупін азайтады.

Оның жүйке жүйесі үшін пайдасы мол. Сабақ пен тамыр ғана емес, балдыркөк тұқымының майы да босансытқыш және уайымға қарсы құрал болып табылады. Оны ұйқының бұзылуында гипнотик ретінде қолдануға болады.

Балдыркөктің ішектердің дұрыс жұмыс жасауына да пайдасы мол. Мәселен, құрамында талшықтың көп болуына байланысты ішек перистальтикасы жақсартады. Балдыркөк әсерінен асқазан сөлі шығарылады және барлық ас қорыту процесі күшейеді.

Оның иммунитетке қандай әсері бар десеңіз, антиоксиданттар бос радикалдарды байланыстырады және иммунитетті қорғанысты күшейтеді. Сондықтан балдыркөк қатерлі ісікке қарсы күшті агент болып саналады, тіпті қатерлі ісіктің тез дамуын тежейді.

Не нәрсенің де өзөлшемімен қолданбасаңыз, оның пайдасынан зияны тиімі өлден мүмкін. Балдыркөк те дәл сол сияқты. Мәселен, балдыркөктегі күшті заттардың мазмұны мұқият пайдалануды талап етеді. Кейбір жағдайларда созылмалы аурулар күшейі мүмкін.

Жараларды және күйіктерді емдеуде де балдыркөктің пайдасы мол. Мұндай жағдайда алдымен балдыркөк тамырын сіңіріңіз, дөңге ораңыз, мұны әсіресе мерген жара-суына қолданған абзал. Бауыр мен бүйрек ауруларының алдын алуда да балдыркөктің пайдасы мол.

«ЖОК» ақпарат

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды:

ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 13 тамызда Қызылорда облысының Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі өкімінің сайлауы өткізілді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабының 9) тармақшасына, 44 бабының 2 тармағына, 45 бабының, 113-10 бабына сәйкес №144 уәкелік сайлау комиссиясының дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамасы негізінде сайлау қорытындыларын анықтады.

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1102 азамат өңгізілген, оның ішінде 791 дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 24, «Барлығына қарсымын» деген жолда белгісі бар – 1.

Әр үміткерге жақтап берілген дауыстар саны:

Абтыкалыков Омирсерик Ыстықатович – 197; Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы – 511; Молдабаев Қазыбек Қушеқбаевич – 55; Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы – 3.

Дауыс беру нәтижесімен Мәдениет ауылдық округінің өкімі болып Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы сайланды. 1989 жылы туған, қазақ, уақытша жұмыссыз, Мәдениет ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 45, 113-11 баптарына сәйкес 2023 жылғы 14 тамыздағы №07 шешімімен 2023 жылғы 13 тамызда сайланған Мәдениет ауылдық округі өкімін тіркеді.

Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы сайланды. 1989 жылы туған, қазақ, уақытша жұмыссыз, Мәдениет ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Бәрекедді!

ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЕЖІРЕСІН ШЕРТІП, АҒАЙЫН-ТУЫСТЫҢ ТАТУЛЫҒЫН САҚТАУҒА СЕПТИГІН ТИГІЗЕТІН, ЖАС КЕЛІНДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕП, АҚЫЛШЫСЫ БОЛЫП ЖҮРГЕН, НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕЛЕРІН АЛДЫНА АЛЫП, АУЫЗ ӘДБИЕТІНІҢ ЕРТЕГІ-ЖЫРЛАРЫН АЙТАТЫН АҚЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕР БАРШЫЛЫҚ. СОНДАЙ ӘЖЕЛЕРІМІЗ БҮГІНДЕ АУДАНЫМЫЗҒА ІРГЕЛЕС ОРНАЛАСҚАН АҚСУ АУЫЛДЫҚ «ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛЫНЕ» БЕЛСЕНДІ МҮШЕ БОЛЫП, ӨЗДЕРІНІҢ ӨНЕРІН ХАЛЫҚҚА ПАШ ЕТІП ЖҮР.

Ұлттық музыканы дәріптеп, ескі әндерді келер ұрпаққа жеткізетін насихатшылар іспетті әр ауыл аудаң, қалалардағы мәдениет үйлерінде әжелер ансамблдері бар. Бүгінде мән мен мағынасы терең, ескі әндердің ұмытылып қалмай, сахнада шырқалуына өз септігін тигізіп жүрген Ақсулық «Асыл әжелер» ансамблінің орны ерекше.

Ансамбль ең алғаш 2003 жылы Ақсу ауылдық клубы жанынан «Асыл әжелер» бірлестігі болып құрылған. Оған Жұмаш Сералиева жетекшілік жасап, 2013 жылы бірлестік ансамбль болып қайта жаңданып, жаңа құраммен толыққан. Бүгінде ансамблдің жетекшісі тірліктері мен атқарған істері ауқымды.

2014 жылдан бастап «Асыл әжелер» ансамблі аудан, облыс көлеміндегі мәдени шараларға белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, көрерменнің көзіайымына айналып үлгерген. Талантымен таңдай қақтырып, үнінің сыңыры бұзылмаған әжелер халық әндерінің тарихына қанық, әркез жатқа айтып жүреді. Қазіргі уақытта ансамбле Тыныштық Жұбаншова жетекшілік жасайды. Құрамында 10 әже өнер көрсетеді. Олардың әрқайсысы ауылдың дамуына өз үлесін қосқан, әр саланың үздігі. Өнер ұжымында әжелер тек өн айтып қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлесін қосуда.

Олар салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда білген-түггендерін үйретіп, қоғамдық шараларда да белсенділік танытады. Наурыз мерекесінде «Наурыз көжеңі» дайындалу әдісі мен мерекеде жасалатын жөн-жоралғы, ырымдарды көрсетіп, әр дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері мен маңыздылығын түсіндіреді. Өнердің берекесін артырып жүрген батыр аналардан құралған ансамбль мүшелерінің ең жасы алпыстың ауылына ат басын бұрса, үлкені сексеннің сеңгіріне жақындаған.

Ақ кимешек киген «Асыл әжелер» ансамблі ұлттық өнерді насихаттау мақсатында өткен «Ақ жаулығым – тұмарым» атты әжелер ансамблінің облыстық байқауында өнер көрсетті. III кезеңнен тұратын облыстық сайыстың алғашқы кезеңінде әжелеріміз «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» тақырыбы аясында қойылым қойып, көрерменнің көшеметіне бөлсең, «Қолөнер – зор өнер» сайысында өздерінің қолдан жасап әкелген бұйымдарымен таныстырды. Соңғы кезең «Ән – халық мұрасы» сайысында әжелер «Сәулем-ай» әнін жанды дауыста орындап, әділқазылардың шешімімен үздік деп танылып, жүлделі I орынды жеңіп алды. Өнерлерімен өрге жүзген әжелерді байқауға қатысуға дайындауда Ақсу ауылдық мәдениет үйінің үлесі



Ақсудың ажары – «Асыл әжелер»

зор. Ауқымды шаралар мен мәдени жобаларды жоғары деңгейде ұйымдастыру, өнерсүйер қауымының талғамынан шығу оңай шаруа емес. «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендей, әнді тыңдарманға талмай жеткізуге, көрерменді әсем әсерге бөлеуге әжелерді дайындауда елеулі еңбек етіп жүрген кәсіпорын басшысы М.Қанбаева бастаған ұйымшыл ұжымның ерқашан еңбегі ерөн.

Біздің басты мақсат – ұмытылып бара жатқан халық әндерін қайта жаңғыртып, ескелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету, ұлттық өнерді ұлықтау. Облыстық байқауда жеңіс тауырынан көрініп, жүлделі орын алуымызға септігін тигізген, күнітүні бізді дайындауда елеулі еңбек еткен Ақсу ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлеріне, бізді өн айтуды барысында баянмен сүйемелдеген кәсіпорын басшысы Мар-

жан Қырғызбайқызына, демеушілік білдірген ауылдық «АВ АГРО ОРДА» ЖШС құрылтайшысы Абай Боранқұловаға әжелердің атынан алғыс білдіремін деді. – ансамбль мүшесі Зибаш Құлетова.

Бұдан бөлек әжелердің бүгінге дейін жеткен жетістіктері де көп. Олар бірнеше мәрте аудандық, облыстық ардагерлер байқауына қатысып, жеңіс тауырынан көрініп жүр. Мәселен, 2017 жылы «Қарты бар ел – қазыналы ел» атты ардагерлердің көркемөнерпаздарының аудандық байқауынан жүлделі I орын иеленсе, «Қарттардың да өнерге бар тала-сы» атты облыстық байқаудан III орынды жеңіп алған. Сондай-ақ Жалағаш ауданының 80 жылдығы аясында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты ардагерлер көркемөнерпаздарының аудандық байқауынан жүлделі I орынды иеленген.

Осы тақырып аясында аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен аудандық ардагерлер байқауынан да асыл әжелеріміз жүлделі I орынды жеңіп алған.

Қарттар күні мерекесіне арналған «Еңбек және тыл» ардагерлері көркемөнерпаздарының аудандық байқауынан бас жүлдені иеленіп, Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған Сондай-ақ «Ардагерлер өнер туын көтерген» атты аудандық байқаудан бас жүлде иеленген.

Бұдан бөлек ұжымдағы әжелер басқа қырларынан да үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Мәселен, ансамбль мүшесі Нұрғұл Дүзенова ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында өткен аудандық «Ардагерлер спартакиадасының» дартс сайысында әйелдер арасында жүлделі I орын және дойбы сайысында әйелдер

арасында II орынды жеңіп алған. Сондай-ақ ҚР Конституциясы күніне және Бұқарбай Батырдың 200 жылдығына арналған ардагерлердің аудандық II спартакиадасында қол күрестен жүлделі I орынды иеленген.

Сонымен қатар Тыныштық Жұбаншова 2012 жылы облыстық ардагерлер ұйымының алғыс хатымен марапатталып, аудандық байқауларда жыр-терме жанры бойынша сайыстарға қатысса, Гүлжамал Оразалиева аудандық ардагерлер байқауларына қатысып, марапат төрін көріні. Бұдан бөлек биыл Зибаш Құлетова «Мерейлі отбасы» Оразалиева аудандық кезеңінде үздік деп танылып, III орынды иеленген. Зейнетке шықса да, іеліктің алдында өнер көрсетіп, ансамблде өн шырқаған әжелердің ісі көпке үлгі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Спорт

Келесі кезеңге кім өтеді?

«АСТАНА», «АҚТӨБЕ» ЖӘНЕ «ТОБЫЛ» ОТАНДЫҚ ҮШ КЛУБТЫҢ «АСТАДАН» БАСҚАСЫ ЕУРОПАНЫҢ ЛИГА КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ІРІКТЕУДЕН ӨТІП ЖАТЫР. АЛ ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ «ДИНАМО ЗАГРЕБЕК» ЕСЕ ЖІБЕРГЕН ЕЛОРДАЛЫҚ КЛУБ ЕУРОПА ЛИГАСЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУІН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАДЫ. «АСТАНАҒА» СЫРТ АЛАҢДА ЖЕҢІС КЕРЕК, ҚҰРЫҒАНДА ТОҚСАН МИНУТТА ТЕҢ ТАРҚАССА ДА ЖЕТІП ЖАТЫР. БІРАҚ МҰНАН ӨТСЕ, «АЯҚС» ОНЫҢ АДЫМЫН АШТЫРМАУҒА ДАЙЫН ОТЫР.



Өткен аптаның басында «Лудогорец» «Астана» алаңында қонақта болды. Ө дегеннен олар отандық клубқа қарсы шабуылды үдетті. Ойын өрнегі осылай еркінде де заңдылық, сырт алаңда жеңіске жетіп, Болгарияда қорғаныс басымдық беруді көздегені көрініп-ақ тұр. Тіпті бірінші болып есеп ашты да, ойынның 34 минутында қонақтар сапындағы қорғаушылардың бірі өріптесі асырған допты Чондич кезеңнен тайдырған «Тобыл» Еуропа есеңгіреген елордалық клуб жоқ, шабуылға басымдық берген алаң қожайындары алғашқы таймның аяғында таразы басын теңестірді.

Иә, шабуылды оқтын-оқтын жасайды, ойыншылары да алаңда өздерін еркін ұстайды. Әсіресе алыстан келген допты қалай тосып алғанын көрсенді, еуропалық клубтың біздің ойыншылардан басым екенін аңғара қоясыз, келесі таймда олардың тағы бір гол салатынына күмән болмады, алайда ойын өрнегі біз ойлағандай болған жоқ, керісінше басқаша арнада ербіді.

«Астана» келесі таймда да қарсыласымен тең дәрежеде ойнады, керісінше қайта отандық клуб ойыншылары шабуылды үдетті. 53 минутта А.Марочкин есепті еселеп, командасын алға шығарды. Мұнан кейін кез келген ойыншы қорғанысқа басымдық беретін еді, рас, «Астананың» қорғанысы мығым, бірақ олар шабуылды бәсеңдет-

педі. Бірақ есеп еш өзгеріссіз қалды. Бейсенбіде «Астана» Болгарияға қонаққа барады. Разград қаласындағы «Хувевфарма Арена» стадионындағы кездесу оларға оңайға соқпайын деп тұр. «Астанаға» тағы бір гол қажет және есепті бірінші болып қонақтар ашса, бізге тиімді.

Бұған дейін «Базельді» іріктеу кезеңінен тайдырған «Тобыл» Еуропа лигасының конференциянда әлі де өнер көрсетіп жатыр. Кеше «Дерри Ситиді» өз алаңында 1:0 есебімен жеңді. Сырт алаңда қарымта кездесу 17 тамызға белгіленген. Солтүстік Ирландияның командасы да оңай шағылатын жаңғақ емес, оның үстіне «Тобылда» айтарлықтай ойын жоқ, сондықтан ертең олардың бірінші болып есеп ашуға тырысатыны анық.

Еуропаның лига конференциясында отандық тағы бір клуб бар еді, ол – «Ордабасы». Өз алаңында «Легияны» қабылдаған отандық клуб ойыншылары тең тарқасқан, тіпті сырт алаңда да тәжірибелі клубқа тойтарыс бере білді. Алайда бір гол айырмашылықпен іріктеу кезеңінің келесі ойындарына Польша клубы өтті. Бұл ретте «Ордабасыға» септілік серік болмады, негізінен олар әлі де осы лигада өнер көрсетіп жатқан «Тобылға» қарағанда керемет ойын өрнегін көрсетті. Бір жағынан

төрешілердің қысымы да олардың бұл кезеңнен шығуына қолбайлау болды десек, артық айтқанымыз болмас. Қазір «Ордабасы» өз лигасында турнирлік кестеде көш бастап тұр. «Ақтөбе». Бұл клуб жайлы айтылар өңгіме басқа, шыны керек, лигасында жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген арқалық танымын. Болмаса осыған дейінгі ойындарын көрген де емеспін.

Еуропа лигасының конференциясында іріктеу ойындарын «Торпедо Кутаисимен» бастады. Грузиялық клубты сырт алаңда «Ақтөбе» 1:4 есебімен тізе бүктірді. Қапалшысынан бірнеше рет айласын асырған клубқа алаң қожайындары тек жұбанш гольын соққан болатын. Өз алаңында «Ақтөбенің» қорғанысқа басымдық беретіні анық, себебі бір емес, үш гол айырмашылықпен алда тұр. Алайда алаң қожайындары қарымта кездесуде бірінші болып тағы да есеп ашты. Десе де оған грузиялық клуб екі голмен жауап қатты. Сөз жоқ, қонақтар жеңіске жетті. Бірақ бұл есеп олардың келесі кезеңге өтуіне кемектесе алмайды.

10 тамызда «Ақтөбе» Руминияға қонаққа барды. «Сфынту-георге» қаласында алаң қожайындарының жеңіске жететініне жанкүйерлерде күмән болмады. Міне, «Ақтөбенің» ойынын осы кездесуде көрдім, көнігі еуропалық клубтар ойыншыларындай өнер көрсетті. Алаңда өздерін еркін ұстайды, қашықтан асырылған допты жақсы тосып алады, шабуылы да, соққысы да жойқын. Тіпті бірінші болып есеп ашқан да біздің отандық клуб болатын.

Алғашқы таймда қос команда тең тарқасты. «Ақтөбе» ойыншылары «Сепсиге» «болсаң қайтейін» деп тұрған сияқты. Ойынның 65 минутында қонақтар есеп ашқан, оған алаң қожайындары 89 минутта жауап қайырды. Осылайша қос команда тең тарқасты.

17 тамызда қарымта кездесу Ақтөбенің орталық стадионында өтеді. Бұл ойын оңайға соқпаса анық. Бірақ алаң қожайындары сырт алаңдағыдай ойын өрнегін көрсетсе, келесі кезеңге өтетіні анық. Өз басым «Ақтөбенің» келесі кезеңге өтетінін сенемін.

Ал «Тобыл» Солтүстік Ирландия клубын өңсөреді, алайда оның келесі кезеңде қарқынды күшейтпесе, жолдан таятыны анық. «Астанаға» да мүмкіндік бол. Қорғаныс керек, бірақ оларға да бір гол қажет, қорғанысқа содан кейін басымдық берсе де жеткілікті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Көде



Халқы сүйген қаламгер

Аудандық кітапхананың кітап қоры тағы бір жаңа туындымен толықты. Жергілікті журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жалағаш жаршысы» газетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған Жұмабек Әбжәмиловтың «Халқы сүйген қаламгер» атты кітабы оқырманға жол тартты.

Жұырда аудандық кітапханаға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының төрайымы Дина Мирман келді. Ондағы мақсат – жақында жарық көрген қаламы қарымды журналист Жұмабек Әбжәмиловтың «Халқы сүйген қаламгер» атты туындысын жалағаштық оқырмандарға танытау. Қалың оқырманға ұсынылып отырған кітапта қара сөздің қаймағын қалқып, қоғам өмірімен өтене араласып, ел аманатын арқапал өткен журналист Жұмабек Әбжәмиловтың өлеңдері, публицистикалық және әдеби шығармалары, сондай-ақ замандастарының естелік, әңгімелері ұсынылған.

Сыр өңірінің руханиятына өзіндік үлес қосқан белгілі азамат, ақын, қаламы қарымды журналист Жұмабек Әбжәмилов – Жаңаталап ауылының тумасы. Ол 1956 жылы 15 маусымда дүниеге келген. 1963 жылы сол ауылда 8 жылдық мектептің табалдырығын аттап, 1971-1973 жылдары №117 орта мектепте 9-10 сыныпты бітіріп, ауылда жұмысшы болып еңбек еткен. Ол 1974-1976 жылдары аралығында әскер қатарында болып, әскерден келген соң Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін бітірген. Туған жерге оралып, аудандық «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетіне тілші болып жұмысқа орналасқан. 1978-1987 жылдары аралығында аудандық радиохабардың ұйымдастырушысы қызметін атқарған. 1982 жылы СССР журналистер одағының, 1988 жылдың шілдесі айынан бастап Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі атанған. 1984-1989 жылдары Еңбекші қатары, Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1989 жылдан бастап өмірінің соңына дейін аудандық газеттің жауапты хатшысы қызметін абырмын атқарған Жұмабек ағамыз жары Ақалмаш алай екеуі бір қыз, үш ұл тәрбиелеген. Қазіргі таңда олардан он үш нөмере бар.

Газетте жүріп радио хабарларды ұйымдастырушысының басшысы бола білген Жұмабек ағамыз 1991 жылдың 7 мамыр «Радио күні» дүниеден озды. Бүгінде аудандық мектептер арасында тұмысынан тулғасы бөлек, артына елеулі із қалдырып, өзі түлеген топырақтың талантты ұлына айналған қаламгердің шығармашылығына арналған ғылыми жобалар ұйымдастырылып тұрады. Журналистиканың қыл жанына болсын қалам тербеген журналистің қазынасын зерттеп, зерделеген оқушылар тарапынан өнегеге толы өмірі мен өнер жолын кейінгі ұрпақ санасында жаңғыртып, дәріптеу мақсатында Жұмабек ағамыздың өмірбаян, өлеңдерін қолжазбаларын жинақтап, «Халқы сүйген қаламгер» атты кітап шығарылса екен деген ұсыныстар айтылған болатын.

Міне, бүгінде бұл ұсыныстар жерде қалмай бұл фәниде бар жоғы 35 жыл ғұмыр көшкенмен, артына елеулі із қалдырған Жұмабек Әбжәмиловтың кітабы қалың оқырманға жол тартты. Ата-бабаларының ізін жалғап, қасиетті сөз өнерін ұрпағына үлгі етіп қалдырған белгілі журналист Жұмабек Әбжәмиловтың мұралары іздеуші халық пен ұлағатты ұрпақ барда насихаттала бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:
СМ МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттерліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1276